Олардың ішінде: кәмелетке толмағандармен немесе солардың қатысуымен жасалғандар 2-бағанда бейнеленеді; бұрын қылмыс жасаған тұлғалармен 3-бағанда көрсетіледі; 4-бағанда соның ішінде 3-бағаннан бұрын қылмыс жасаған кәмелетке толмағандардың қылмыстары ескеріледі; 5-бағанда - алкогольдік мас күйдегілер; 6-бағанда есірткілік мас жағдайындағы тұлғалармен жасалған; 7-бағанда - бір топ тұлғалармен жасалған; 8-бағанда (7-бағаннан) - кәмелетке толмағандардың қатысуымен бір топ тұлғалардың жасаған қылмыстары туралы; 9-бағанда (7-бағаннан) ұйымдасқан топпен жасалған; 10-бағанда (7-бағаннан) қылмыстық бірлестікпен жасалған; 11-бағанда қылмыс жасаған тұлғалардың саны туралы, соның ішінде жеке айыптау істері бойынша; 12-бағанда (11-бағаннан) жеке айыптау қылмысын жасаған тұлғалардың саны туралы; 13-бағанда (11-бағаннан) сотқа берілген тұлғалардың саны (Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 284 , 289-баптарының тәртібімен) және Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 514-бабының тәртібімен медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін сотқа жіберілген істер бойынша, сондай-ақ айыптау үкімі шығарылған жеке айыптау істері бойынша мәліметтер көрсетіледі. 14-бағанда ақталынбаған негіздер бойынша қылмыстық істі қозғауда бас тартылған тұлғалардың саны ескеріледі.

Ескерту. 12-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 1 қазандағы N 48 бұйрығымен .

7. N 1-М нысанды есептің 5-бөлімі

13. Бұл бөлім жалпықылмыстық қылмыстар туралы (криминалдық полиция саласы бойынша), сондай-ақ есептік кезеңде қоғамдық жерлерде, көшелерде,

алаңдарда, бақтарда, саябақтарда және отбасылық-тұрмыстық салаларда жасалған әрекеттер туралы мәліметтерді қамтиды.

№ 1-М нысанды есептің 5-бөліміндегі жолдарда бөлімнің "А" бағанында көрсетілген Қылмыстық кодекстің баптарына сәйкес қылмыстар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бағандарда, 5, 6 және 25 бағандарды қоспағанда, 1-бөлімнің аттас бағандарына ұқсас мәліметтер бейнеленеді.

5-бағанда есептік кезеңде қоғамдық жерлерде жасалынған қылмыстардың саны ерекшеленеді.

6-бағанда, соның ішінде 5-бағаннан алынған, есептік кезеңде көшелерде, алаңдарда, бақтар мен саябақтарда жасалынған қылмыстар саны көрсетіледі.

25-бағанда отбасылық-тұрмыстық саласында жасалған қылмыстар саны бейнеленеді.

Ескерту. 13-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 76 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

8. № 1-М нысанды есептің 6, 6-1 және 6-2-бөлімдері

Ескерту. 8-бөлімнің тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2007.07.30. № 32 Бұйрығымен.

14. Бұл баған тіркелген экономикалық қылмыстар туралы мәліметтерден тұрады.

Жолдарда бөлімнің "А" бағанында көрсетілген Қылмыстық кодекстің баптарына сәйкес қылмыстар туралы, сондай-ақ экономика секторына тәнділігі бойынша мәліметтер бейнеленеді. Экономика секторы жөнінде мәліметтер барлық экономикалық қылмыстарға арналған 1.0 нысанды статистикалық карточкадан алынады. Соның ішінде тек қозғалған істер бойынша ашылған материалдық залал жөніндегі мәліметтер 22-бағанда бейнеленетінін ескеру қажет (1.0 нысанды карточканың 12 және 12.1 реквизиттері).

Ескерту. 14-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 76 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

15. 78-жолда мемлекеттік экономика секторында жасалған қылмыстар саны айтылады. Олардан әрі қарай, 79-жолдар мен 105-жолдар аралығында нақты мемлекеттік секторға тәнділігі бойынша қылмыстар көрсетіледі.

79-жолда 78-жолдан қаржылық-несиелік жүйенің желісі бойынша, соның ішінде банктік, салық салу саласында және сақтандыру салаларында жасалған қылмыстар ерекшеленеді.

83-жолда 78-жолдан өнеркәсіп, соның ішінде отын кешені желісіндегі энергетика саласында жасалған, мұнай өнімін өндіру мен жабдықтау, металлургия, машина жасау салаларында, медициналық дәрі-дәрмек заттарын өндіруде, бағалы металдар мен асыл тастарды табу және өңдеу жолы бойынша салаларда жасалған қылмыстар ерекшеленеді.

91-жолда 78-жолдан ауылшарушылық өнімдері мен азық-түлік жүйесінде жасалған, соның ішінде нан өнімдерін өндіру жүйесінде, балық өндіру және өңдеу, мақта және жүнді алғашқы өңдеу саласында жасалған қылмыстар ерекшеленеді.

95-жолда 78-жолдан мемлекеттік өндірілмейтін экономика секторында жасалған, соның ішінде білім, мәдениет және денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, теледидар және радио, баспа салаларында жасалған қылмыстар ерекшеленеді.

100-жолда 78-жолдан өнеркәсіп және азаматтық құрылыс саласында жасалған қылмыстар ерекшеленеді; 101-жолда 78-жолдан автокөліктік кәсіпорын салаларында жасалған қылмыстар ерекшеленеді; 102-жолда 78-жолдан автоқызмет жүйесінде жасалған қылмыстар бейнеленеді; 103-жолда 78-жолдан байланыс жүйесінде жасалған қылмыстар көрсетіледі; 104-жолда 78-жолдан әскери және қорғаныс объектілерінде жасалған қылмыстар ерекшеленеді; 105-жолда 78-жолдан мемлекеттік экономика секторының басқа да объектілерінде жасалған қылмыстар көрінеді.

106-жолда мемлекеттік емес экономика секторында жасалған қылмыстар саны көрсетіледі. Олардан әрі қарай, 107-жолдар мен 117-жолдар аралығында нақты мемлекеттік емес секторға тәнділігі бойынша қылмыстар көрсетіледі.

Бағандарда 1-бөлімнің аттас бағандарына ұқсас мәліметтер көрінеді.

16. 6-1-бөлімінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 206-бабы бойынша тіркелген қылмыстар жөнінде бағалы қағаздар мен ақшалай қаражаттың алып тасталынғаны туралы мәліметтер бейнеленеді.

Жоғарыда көрсетілген бөлімнің 1-жолында теңге купюраларының алып қойылған саны көрсетіледі. Әрі қарай 2-9-жолдарда теңгенің беделі бойынша купюралардың алып қойылған саны көрінеді (10000 теңге, 5000 теңге, 2000 теңге, 1000 теңге, 500 теңге, 200 теңге, 100 теңге және тиын түріндегі теңгелер).

10-жолда бағалы мемлекеттік қағаздардың алып қойылған саны көрсетіледі.

11-жолда несиелі карточкалардың алып қойылған саны бейнеленеді.

12-жолда шетелдік валютаның алып қойылған саны көрсетіледі. Әрі қарай 13-16-жолдарда: Ресей Федерациясының рубльдері (13-жолда), Америка Құрама Штаттарының долларлары (14-жолда), ЕВРО купюралары (15-жолда) және шетелдік мемлекеттердің басқа да валюталары (16-жолда) тәнділігі бойынша алып қойылған купюралар саны жазылады.

16-1. 6-2-бөлімінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 206-бабымен көзделген тіркелген қылмыстар бойынша ұлттық валютаның жасанды купюраларын алып қою туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-бағанда алып қойылған купюралардың саны ескеріледі, солардың ішінен: 2-бағанда - ескі дизайнды купюралар, 3-бағанда - жаңа дизайнды купюралар.

1-жолда алып қойылған жасанды купюралардың жалпы саны бейнеленеді. 1-жолдан алынған 2-8-жолдарда теңгенің құндылығына қарай алып қойылған купюралардың саны көрсетіледі (10000 теңге, 5000 теңге, 2000 теңге, 1000 теңге, 500 теңге, 100 теңге).

Ескерту. 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 2007.07.30. N 32 Бұйрығымен.

9. № 1-М нысанды есептің 7 және 7А бөлімдері

Ескерту. 9-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.04.2013 № 38 (бірінші рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Бұл бөлім ашылудың бағалануы қолданылатын, аса таратылған мүлдік қылмыстар туралы, сондай-ақ есептік кезеңде қоғамдық орындарда, көшелерде және тұрмыстық-отбасылық салада жасалған әрекеттер туралы қылмыстар жөніндегі мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда осы бөлімнің "А" бағанда белгіленген Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің баптарына сәйкес қылмыстар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бағандарда тіркелген, ашылған (аяқталған) қылмыстар туралы, сондай-ақ істері тоқтатылған, тергеу мерзімі өткен, бірақ іс өндіріспен аяқталмаған істер бойынша қылмыстар, сонымен қатар белгіленген мерзімінен астам уақыт өндірісте жатқан істер туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-бағанда Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2005 жылғы 17 маусымдағы N 27 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде N 3704 тіркелген) "Қылмыстар туралы өтініштер мен хабарларды, қылмыстық істерді, олардың тергелу және сотта қарастырылу нәтижелерін бірыңғай кәртішкелік есепке алу негізінде жүргізу туралы (Бірыңғай бірегейлік статистикалық жүйе) Нұсқаулықтың 12-тарауына сәйкес есептік кезеңде өндірісте жатқан қылмыстардың саны бейнеленеді.

2-бағанда есептік кезеңде тіркелген қылмыстардың саны бейнеленеді.

3-бағанда 2-бағаннан әйелдерге қатысты жасалған қылмыстардың саны ерекшеленеді.

4-бағанда 2-бағаннан кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған

қылмыстардың саны ерекшеленеді.

5-бағанда есептік кезеңде қоғамдық орындарда жасалған қылмыстардың саны ерекшеленеді.

6-бағанда 5-бағаннан есептік кезеңде көшелерде, алаңдарда, парктерде, скверлерде жасалған қылмыстардың саны көрсетіледі.

7-бағанда ашылған қылмыстардың саны, ҚР ҚІЖК 284, 289, 514 баптары тәртібінде сотқа жолдану арқылы өндіріспен аяқталған немесе ақталмау негіздері бойынша қысқартылған істер саны көрсетіледі.

8-бағанда 7-бағаннан істері ҚР ҚІЖК 284, 289, 514 баптары тәртібінде сотқа жолданған қылмыстардың саны ерекшеленеді.

9-бағанда 7-бағаннан істері ақталмаған негіздер бойынша қысқартылған қылмыстардың саны ерекшеленеді.

10-бағанда істері ақталған (есептен алынумен) негіздер бойынша қысқартылған қылмыстар бейнеленеді.

11-бағанда 10-бағаннан істері ҚР ҚІЖК 37-бабының бірінші бөлімі 1, 2 тармақтары бойынша қысқартылған қылмыстардың саны ерекшеленеді.

12-бағанда істері есептік кезеңде тоқтатылған барлық қылмыстардың саны бейнеленеді.

13-21 бағандарда ҚР ҚІЖК 50-бабының бірінші бөлігі 1)-9) тармақтары бойынша тоқтатылған қылмыстардың саны көрсетіледі.

22-бағанда істері тергеу ісі бойынша 2 айдан астам уақыт өндірісте, сондай-ақ ҚР ҚІЖК 288-бабының бірінші бөлігі негізінде алдын ала тергеу тағайындалған анықтау ісі бойынша және қозғау күнінен бастап 1 айдан астам уақыт анықтау ісі бойынша жатқан (сонымен қатар ҚР ҚІЖК 288-бабының екінші бөлігі немесе ҚР ҚІЖК 289-бабы тәртібінде алдын-ала тергеу тағайындалған), дегенмен істі сотқа жолдау, қысқарту, тоқтату туралы шешім қабылданбаған, не болмаса қабылданған шешімдерге ақпараттық есепке алу құжаттары келіп түспеген қылмыстардың саны көрсетіледі. Сонымен қатар, ҚР ҚІЖК 48-бабының төртінші бөлігі тәртібінде жаңа қосылған істердің, ҚР ҚІЖК 196-бабының төртінші, бесінші бөліктері тәртібінде ұзартылған немесе ҚР ҚІЖК 196-бабының жетінші бөлігі тәртібіндегі қосымша істердің тергеу мерзімдерінің мағынасы жоқ. 22 бағанда тергеу мерзіміне қарамастан, қысқартылған істерден өндіріспен қайта жандандырылған қылмыстық істердің қылмыстары саны есепке алынады.

23-бағанда істі тергеу күнінен басталған тергеудің екі айлық мерзімі өтіп кеткен қылмыстардың саны бейнеленеді.

24-бағанда істі тергеу күнінен басталған анықтаудың бір айлық мерзімі өтіп кеткен қылмыстардың саны (ҚР ҚІЖК 288-бабының бірінші бөлігі тәртібінде алдын-ала тергеу тағайындалған анықтау істерінен басқа. Соңғылары 23-бағанда 2 айлық мерзімінің өтіп кетуі бойынша есепке алынулары тиіс) бейнеленеді.

25-бағанда есептік кезеңде тұрмыстық-отбасылық салада жасалған қылмыстардың саны бейнеленеді.

26-бағанда ақталмаған негіздер бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тартылған қылмыстардың саны бейнеленеді.

Жолдарда кәртішкелердегі 1.0 белгілеріне сәйкес, сонымен қатар мүліктік қылмыстарды санаттар бойынша бөлудегі мәліметтер бейнеленеді.

Ескерту. 17-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006.12.25 N 76 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), 2010.01.20 N 3 бұйрықтарымен.

17-1. №1-М нысанды есептің «Қылмыстық тергеу бағыты және басқа қызметтер бойынша (ауыр және аса ауыр) өтініштер және тіркелген қылмыстар жөніндегі мәліметтер» 7А бөлімі ауыр және аса ауыр болып жіктелетін қылмыстар туралы сандық мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда осы бөлімнің «А» бағанында аталған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің баптарына сәйкес қылмыстар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бөлімнің жолдары және 1-ден 29-ға дейінгі бағандары 7-бөлімнің жолдары мен бағандарына ұқсас толтырылады.

Ескерту. Нұсқаулық 17-1 тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 10.04.2013 № 38 (бірінші рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. N 1-М нысанды есептің 8-бөлімі

18. Осы бөлім тергеуден, анықтаудан, соттан және жазасын өтеуден жасырынған, хабар-ошарсыз жоғалған адамдарды іздеу туралы, сондай-ақ белгісіз азаматтар мәйіттерінің жеке басын анықтау бойынша жұмыстың нәтижелері туралы мәліметтерді қамтиды.

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2843 болып тіркелген, «Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 29 сәуірдегі № 23 бұйрығының талаптарына сәйкес, «Арнайы есепке алу» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне енгізілген, қылмыстық қудалау органдары тарапынан ұсынылған ақпараттық есепке алу құжаттарының мәліметтері «Тіркелген қылмыстар мен қылмыстық қудалау органдары қызметінің нәтижелері туралы» № 1-М есебінің № 8 бөлімін қалыптастыру үшін негіз болып табылады:

1) А кестесінде (жиынтық есеп және ішкі істер органдары бойынша есеп үшін)
) мыналардың саны көрсетіледі:

1-бағанда – есептік кезеңнің басында іздеуде қалған адамдар;
2-бағанда – есептік кезеңде оларға іздеу жарияланған, соның ішінде оларға қатысты іздестіру істері өзге органдардан келіп түскен адамдар;
олардың ішінен бұлтартпау шарасын қолданумен (2-бағаннан);

3-бағанда – ешқайда кетпеу туралы қол қойдыру бұлтартпау шарасымен;

4-бағанда – тұтқындау бұлтартпау шарасымен;

5-бағанда – ағымдағы кезеңде іздеу жарияланған, іздестіру істері келесі негіздер бойынша қысқартылған адамдар: билік органдарынан жасырынған адамдарға – қылмыстық қудалауды қысқартуға (қылмыстық істі қысқарту туралы қаулылар немесе қылмыстық қудалауды қысқарту туралы сот шешімі болған кезде) немесе істі мерзімінің ескіруі бойынша қысқартуға байланысты; хабар-ошарсыз жоғалғандарға қатысты – іздестіру ісін жүргізу мерзімінің ескіруі
б о й ы н ш а ;

6-бағанда – өткен жылдарда іздеу жарияланған, іздестіру істері келесі негіздер бойынша қысқартылған адамдар: билік органдарынан жасырынған адамдарға – қылмыстық қудалауды қысқартуға (қылмыстық істі қысқарту туралы қаулылар немесе қылмыстық қудалауды қысқарту туралы сот шешімі болған кезде) немесе істі мерзімінің ескіруі бойынша қысқартуға байланысты; хабар-ошарсыз жоғалғандарға қатысты – іздестіру ісін жүргізу мерзімінің ескіруі
б о й ы н ш а ;

7-бағанда – іздестірілуі өзге қылмыстық қудалау органдарына тапсырылған іздестіру істері (бір органның құрылымдық (аймақтық, аудандық) бөлімшелері арасында қайта тапсырылған істер есепке алынбайды);

8-бағанда – есептік кезеңде іздестіріліп отырған адамдар (5,6,7 бағандарының сомасын алып тастаумен 1,2 бағандарының сомасын қамтиды);

9-бағанда – ағымдағы кезеңде іздеу жарияланғандардың ішінен табылған
а д а м д а р ;

олардың ішінен (9-баған):

10-бағанда – ағымдағы кезеңде іздеу жарияланғандардың ішінен Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде анықталған адамдар;

11-бағанда – өткен жылдары іздеу жарияланғандардың ішінен табылған
а д а м д а р ;

олардың ішінен (11-баған):

12-бағанда – өткен жылдары іздеу жарияланғандардың ішінен ҚР тыс жерлерде анықталған адамдар;

13-бағанда – ағымдағы кезеңде іздеу жарияланғандардың ішінен есептік кезеңнің соңында іздеуде қалған адамдар;

олардың ішінен (13-баған):

14-бағанда – «ешқайда кетпеу туралы қол қойдыру» бұлтартпау шарасын

қ о л д а н у м е н ;

15-бағанда – «тұтқындау» бұлтартпау шарасын қолданумен;

16-бағанда – өткен жылдары іздеу жарияланғандардың ішінен есептік кезеңнің соңында іздеуде қалған адамдар; олардың ішінен (16-баған):

17-бағанда – «ешқайда кетпеу туралы қол қойдыру» бұлтартпау шарасымен;

18-бағанда - «тұтқындау» бұлтартпау шарасымен;

19-бағанда – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) 96, 125, 126-баптарына сәйкес адамдардың хабар-ошарсыз жоғалуы дерегі бойынша қозғалған қылмыстық істер;

20-бағанда – Қазақстан Республикасының Қылмыстық-іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚІЖК) 177-бабы 2-бөлігінің тәртібінде адамдардың хабар-ошарсыз жоғалуы дерегі бойынша қозғалған қылмыстық істер;

2) А кестесінің жолдарында (жиынтық есеп және ішкі істер органдары бойынша есеп үшін) мыналардың саны көрсетіледі:

1-жолда – ішкі істер органдарынан жасырынған адамдар;

2-жолда – көші-қон полициясы қызметтері іздестіріп отырған, балаларды және еңбекке жарамсыз ата-аналарын асырауға арналған қаражатты төлеуден қасақана жалтару туралы істер бойынша борышкерлерге және жауапкерлерге і з д е у ж а р и я л а у ;

3-жолда – сот ұйғарымы бойынша мемлекет мүдделеріне сәйкес ұсынылған талап-арыздар бойынша жауапкер ретінде танылған адамдарға іздеу жариялау.

Комитеттің аумақтық басқармалары 2,3 жолдарының статистикалық көрсеткіштерін ішкі істер органдарының көші-қон полициясы қызметтерінен айналысатын алатын мәліметтердің негізінде толтырады.

4-жолда – тергеуден, анықтаудан, соттан және жазасын өтеуден жасырынған адамдарға і з д е у ж а р и я л а у ; о л а р д ы ң і ш і н е н (4 - ж о л) :

5-жолда – тергеу және анықтаудан жасырынған адамдар;

6-жолда – соттан жасырынған адамдар;

7-жолда - ауыр қылмыстарды жасағаны үшін іздестірілетін адамдар;

8-жолда – ерекше ауыр қылмыстарды жасағаны үшін іздестірілетін адамдар;

9-19-жолдарда – іздестірілетін адамдардың саны жасалған қылмыстардың түрлері бойынша жеке-жеке көрсетіледі;

20-26-жолдарда іздеудегі адам жасағаны үшін айыпталып отырған қылмыстық қол сұғушылықтың текті нысанасы ҚР ҚК тарауларына сәйкес көрсетіледі: отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы, адам және азаматтың конституциялық және өзге құқықтары мен бостандықтарына қарсы, экономикалық қызмет саласындағы,

қоғамдық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпке қарсы;

27-жолда терроризмде айыпталған, іздеудегі адамдардың саны көрсетіледі;

28-жолда бір немесе бірнеше қылмысты жасау мақсатында ұйымдасқан топты құру және оған басшылық ету, сәйкесінше оған қатысу үшін іздеу жарияланған адамдардың саны көрсетіледі;

29-жолда ҚР ҚК 13-тарауында көзделген, мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстарды жасағаны үшін іздеу жарияланған адамдардың саны көрсетіледі;

30-жолда ҚР ҚК 259-265-баптарында көзделген, есірткіге байланысты қылмыстарды жасағаны үшін іздеу жарияланған адамдардың саны көрсетіледі;

31-жолда ҚР ҚК 175-бабының 2-тармағы в) тармақшасының 2-бөлігінде көзделген, автокөлікті ұрлауға байланысты қылмыстарды жасап, іздеу жарияланған адамдардың саны көрсетіледі;

32-жолда ҚР ҚК 185-бабында көзделген, автокөлікті айдап әкетуге байланысты қылмыстарды жасап, іздеу жарияланған адамдардың саны көрсетіледі;

33-жолда – іздеу жарияланған әйел адамдардың саны;

34-жолда – іздеу жарияланған кәмелетке толмаған жастағы адамдардың саны. Олар 18 жасқа толған кезде көрсетілген жолдың барлық бағандары бойынша қажетті өзгерістер тиісті көрсеткіштерді азайту жолымен жүргізіледі;

35-36 жолдарында бас бостандығынан айыру орындарынан, тергеу изоляторларынан, уақытша ұстау изоляторларынан, әскери жасақтардың күзетінен, полицияның күзетінен немесе конвойынан қашып шыққан, қашу туралы қылмыстық істері қозғалып, іздеу жарияланған адамдар туралы мәліметтер көрсетіледі;

37-жолда шартты сотталған іздеу жарияланған адамдардың саны;

38-жолда – түзету жұмыстарына сотталған іздеу жарияланған адамдардың саны;

39-жолда – оларға қатысты үкімді орындау сотпен кейінге шегерілген, жасырынған сотталған адамдардың саны;

40-жолда – әскери құрамалар бөлімшелеріндегі қызмет орнын өз еркімен тастап кеткен адамдар;

41-жолда – хабар-ошарсыз жоғалған адамдардың саны көрсетіледі; олардың ішінен (37-жол):

42-жолда – кәмелетке толмаған жастағы хабар-ошарсыз жоғалған адамдар;

43-жолда – 14 жасқа толмаған хабар-ошарсыз жоғалған адамдар;

44 – хабар-ошарсыз жоғалған шетелдік азаматтар;

45 – хабар-ошарсыз жоғалған әйелдер;

46 – автокөлікпен қоса хабар-ошарсыз жоғалғандар;

47 – ірі қаражат сомасымен хабар-ошарсыз жоғалғандар;

3) Б кестесі бойынша (жиынтық есеп және ішкі істер органдарының есебі үшін) :

1-жолда есептік кезеңнің соңында іздеуде болған, жеке басы белгісіз, соның ішінде жүйке жүйесі ауыратындар және кәмелетке толмағандар, сонымен қатар жеке басы анықталмаған, танылмаған мәйіттер бойынша адамдардың саны көрсетіледі ;

2-жолда есептік кезеңнің басында өндірісте болған танылмаған мәйіттер бойынша белгісіз азаматтардың жеке басын анықтау туралы істердің саны көрсетіледі ;

3-жолда танылмаған мәйіттер бойынша азаматтардың жеке басын анықтау туралы қайта басталған істердің немесе басқа органдардан жіберген істердің саны көрсетіледі ;

4-жолда жеке басын анықтауға байланысты қысқартылған істердің саны көрсетіледі ;

5-жолда мерзімінің ескіруіне байланысты қысқартылған істердің саны көрсетіледі ;

6-жолда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан зорлық-зомбылық іс-әрекеттерін анықтау дерегі бойынша қылмыстық іс қозғауға және қылмыстық-іздістіру ісін бастауға байланысты қысқартылған істердің саны көрсетіледі;

7-жолда адамдардың анықталуына байланысты өткен жылдары қозғалғандардың ішінен жеке басын анықтау туралы істерден қысқартылғандардың саны көрсетіледі;

4) В кестесі бойынша (қаржы полициясы органдарының есебі үшін):

В кестесінің бағандары А кестесінің бағандарына ұқсас қалыптастырылады;

В кестесінің жолдары келесі мәліметтерді қамтиды:

1-жол – іздеу жарияланған адамдардың саны туралы;

2-жол – соттың қаулысы бойынша мемлекет мүддесіне сәйкес ұсынылған талап-арыздар бойынша жауапкер болып танылған, іздеу жарияланған адамдардың саны. Аталған есеп көрсеткішін Комитеттің аумақтық басқармалары қаржы полициясы органдарынан ай сайын алып отыратын мәліметтердің негізінде толтырады ;

3-жол – тергеу, анықтау және сот органдарынан жасырынған адамдар туралы мәліметтер ;

олардың ішінен (3-жол) :

4-жолда тергеу және анықтаудан жасырынған адамдардың саны ерекшеленеді ;

5-жолда – соттан жасырынғандар ;

6, 10, 25, 27, 33 жолдарында іздеудегі адам жасағаны үшін айыпталып

отырған қылмыстық қол сұғушылықтың текті нысанасы ҚР ҚК тарауларына сәйкес көрсетіледі: қылмыс жасап: меншікке қарсы; экономикалық қызмет саласында, коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы, сыбайлас жемқорлық және мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы, басқару тәртібіне қарсы өзге қылмыстар; 7-9, 11-24, 26, 28-32, 34-35 жолдарында іздеудегі адамдардың саны жасалған қылмыстардың түрлері бойынша жеке-жеке көрсетіледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 01.04.2014 № 30 бұйрығымен.

11. N 1-М нысанды есептің 9-бөлімі

19. Бұл бөлім қылмыс жасаған тұлғалардың саны мен жеке категориялары туралы жалпы мәліметтерден тұрады (есептік кезеңде қылмыстық істері туралы тергеуі алғашқы рет аяқталған, яғни сотқа жіберілген немесе ақталынбаған негіздер бойынша қысқартылған барлық жылдардың қылмыстары).

Бұл бөлім қылмыс жасаған тұлғалар туралы деректер базасы бойынша есептеледі (2.0 нысанды карточка).

1-жолда есептік кезеңде қылмыстық істері тергеуімен және жеке айыптау істері бойынша аяқталған қылмыс жасаған тұлғалардың жалпы саны көрсетіледі.

1-жолдан 2-24-жолдарда қылмыс жасағандардың жеке категорияларының: кәмелетке толмағандардың; оқушылардың, соның ішінде орта оқу орындарындағы, кәсіби оқу орындарындағы, колледждерде, жоғарғы оқу орындарындағы, кәмелетке толмаған оқушылардың; әйелдердің; топтанып қылмыс жасағандардың; есірткілік қозба және алкогольдік мас күйдегілердің; жұмыссыз және оқымайтын еңбекке жарамды азаматтардың; бұрын қылмыс жасағандардың, соның ішінде кәмелетке толмағандардың, аса қауіпті баукеспе ұрылардың, түзету жұмыстарын өтеу кезеңінде, үкімнің орындалуын кейінге қалдырумен сотталғандар мен шартты сотталғандардың; мемлекеттік функцияларды орындайтын тұлғалардың, соның ішінде әскери қызметкерлердің, құқық қорғаушы органдар мен сот қызметкерлерінің, депутаттар мен депутаттыққа үміткерлердің, әкімдердің саны ерекшеленеді.

25-26-жолдарда Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 284 , 289-баптарының тәртібімен қылмыстық істері сотқа жіберілген және Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 514-бабының тәртібімен медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану қажет тұлғалардың саны көрсетіледі.

12. N 1-М нысанды есептің 10-бөлімі

20. Бұл бөлім қылмысты ашуда, амал-тәсілдер мен есептерді қолдануда құқық қорғаушы органдары қызметтерінің қатысуы туралы мәліметтерден тұрады (қылмыстық істері есептік кезеңде тергеуде болғандардың ішінен).

1) 1-67-жолдарда бөлімнің "А" бағанында көрсетілген, қылмыскер мен қылмыстық жағдайларды анықтауда күштер мен амал-тәсілдер қолданылған қылмыстық істерге, аяқталған тергеу бойынша қатысулардың саны көрсетіледі. Сонымен бірге, 1-жолға жол полициясы қызметкерлерінің қатысуы туралы мәліметтер жатады. 2-9-жолдарда тиісті қызметтер қызметкерлерінің қатысуы туралы деректер бейнеленеді. 10-жолда патрульдік-күзет нарядтарының барлық түрлерінің қатысу саны ескеріледі. Соның ішінде 11-16-жолдар бойынша жеке патрульдік-күзет нарядтарының қатысуы туралы көрсеткіштердің сомасы 10-жолдың көрсеткішінен көлемді болуы мүмкін, себебі қылмыскерді анықтауда әртүрлі қызметтер (нарядтар) қатар қатысуы мүмкін.

2) 17-25-жолдарда қылмыстарды ашуда жеке күштер мен амал-тәсілдердің қ о л д а н ы л у ы к ө р і н е д і .

3) 26-67 жолдарда қылмыстарды ашуда криминалдық полиция қызметтерінің, есірткі бизнесіне қарсы күрес бойынша бөлімшелерінің, күдіктілерді және тергеулік-тұтқындалғандарды алдын-ала оқшаулау бөлімшелерінің және басқа да қаржы полициясы органдарының жедел қызметтері және бөлімшелерінің қ а т ы с қ а н д а р ы к ө р с е т і л е д і .

N 1-М нысанды есеп бөлімінің бағандарында: "А" бағанында - қылмыстың жеке түрлерін ашуға мүмкіндік туғызатын негізгі күштер мен амал-тәсілдер; 1-бағанда - негізгі күштер мен амал-тәсілдер қатысуының жалпы саны; 2-бағанда - қасақана кісі өлтіруді ашуға қатысу (Қылмыстық кодекстің 96-98-баптары); 3-бағанда - қасақана денсаулыққа зиян келтіруді ашуға қатысу (Қылмыстық кодекстің 103 - 105-баптары); 4-бағанда (3-бағаннан) соның ішінде ауыры (Қылмыстық кодекстің 103-бабы); 5-бағанда - зорлауды ашуға қатысу (Қылмыстық кодекстің 120-бабы); 6-бағанда - қарақшылықты ашуға қатысу (Қылмыстық кодекстің 179-бабы); 7-бағанда - тонауды ашуға қатысу (Қылмыстық кодекстің 178-бабы); 8-бағанда - ұрлықты ашуға қатысу (Қылмыстық кодекстің 175-бабы); 9-бағанда - ұрлап айдап кетуді ашуға қатысу (Қылмыстық кодекстің 185-бабы); 10-бағанда - есіртілік заттардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстарды ашуға қатысу (Қылмыстық кодекстің 259 - 265-баптары); 11-бағанда (10-бағаннан) есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, иемденіп алу, тасымалдау немесе сақтауға байланысты қылмыстарды ашуға қатысу көрсетіледі (259-бап); 12-баған (10-бағаннан) есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуға көндірумен байланысты қылмыстарды ашуға қатысу көрсетіледі (261-бап); 13-баған (10-бағаннан) есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтыну

үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстаумен байланысты қылмыстарды ашуға қатысу көрсетіледі (264-бап); 14-бағанда - паракорлықпен байланысты қылмыстарды ашуға қатысу (Қылмыстық кодекстің 311 - 313-баптары) 15-бағанда - сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алумен немесе ысырап етумен байланысты қылмыстардың ашылуына қатысу; 16-бағанды - алаяқтықпен байланысты қылмыстардың ашылуына қатысу; 17-36-бағандарда Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың жеке түрлері бейнеленеді.

Ескерту. 20-тармаққа өзгертулер - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 1 қазандағы N 48 бұйрығымен , 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 64 бұйрығымен .

13. N 1-М нысанды есептің 11-бөлімі

21. Осы бөлім есептік кезеңде бағалы қағаздарды, ақшалай қаражат пен асыл заттарды сақтаудың орталықтандырылған объектілерінде (банктерде және т.б.) жасалған қылмыстар туралы мәліметтерден тұрады. 2-3-жолдарда криминалдық және экономикалық полиция қызметтерінің желістері бойынша мәліметтер б е й н е л е н е д і .

11-бөлімнің жолдарында бағалы қағаздарды, ақшалай қаражат пен асыл заттарды сақтаудың орталықтандырылған объектілерінде жасалған қылмыстар к ө р с е т і л е д і .

1, 2, 7-бағандарда 1-бөлімнің аттас бағандарына ұқсас мәліметтер б е й н е л е н е д і .

3, 5, 6-бағандарда есептік кезеңде, сәйкес, бағалы заттарды сақтаудың орталықтандырылған объектілерінде жасалған ұрлық, тонау және қаракшылық шабуылдардың саны көрсетіледі. 4-бағанда сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иелену немесе жұмсап жіберу туралы деректер бейнеленеді (Қылмыстық кодекстің 176 - б а б ы).

Тергелген қылмыстар бойынша 8 және 9-бағандарда қылмыспен келтірілген материалдық залалдың сәйкес белгіленген көлемі және мың теңгелік өтеу мөлшері көрінеді.

14. N 1-М нысанды есептің 12-бөлімі

22. Бұл бөлім шетелдік азаматтармен, ТМД азаматтарымен жасалған қылмыстар туралы (есептік кезеңде қылмыстық істері бірінші рет тергеумен аяқталғандардың ішінен), сондай-ақ есептік кезеңде шетелдік азаматтарға қатысты жасалған әрекеттер туралы мәліметтерден тұрады.

5-16-жолдар бойынша қылмыстың жеке түрлері көрсетіледі.

1-бағанда есептік кезеңде тергеумен аяқталған қылмыстардың ішінен шетелдік азаматтармен (ТМД елдерінің азаматтарын есептемегенде) жасалған қылмыстардың саны ерекшеленеді.

2-бағанда есептік кезеңде тергеумен аяқталған қылмыстардың ішінен ТМД азаматтарымен жасалған қылмыстардың саны ерекшеленеді.

3-10-бағандарда 1-бөлімнің аттас бағандарына ұқсас шетелдік азаматтарға қатысты жасалған қылмыстар туралы (ТМД елдеріндегі азаматтарды есептемегенде) мәліметтер бейнеленеді.

15. № 1-М нысанды есептің 13, 13 А, 13Б бөлімдері

Ескерту. 15-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 01.04.2014 № 30 бұйрығымен.

Ескерту. 15-тарау жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.04.2013 № 38 (бірінші рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. 13-бөлім қылмыс нәтижесінде келтірілген материалдық нұқсанның анықталған сомасы туралы және оның өтелуі, салынған тыйым және алып қойылған мүлік туралы мәліметтерді қамтиды».

Аталған бөлімнің жолдарында барлық қылмыстар туралы мәліметтер қылмыс түрлері бойынша көрсетіледі.

1-бағанда есептік кезеңде тіркелген, қозғалған қылмыстық істер және ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істерін қозғаудан бас тартылған тергеуге дейінгі тексеру материалдары бойынша материалдық нұқсанның анықталған мөлшері көрсетіледі.

5-бағанда сотқа жолданған қылмыстық істер бойынша материалдық нұқсанның анықталған мөлшері көрсетіледі.

9-бағанда ақталмайтын негіздер бойынша қысқартылған қылмыстық істер бойынша материалдық нұқсанның анықталған мөлшері көрсетіледі.

13-бағанда өндірісі тоқтатылған қылмыстық істер бойынша материалдық нұқсанның анықталған мөлшері көрсетіледі.

17-бағанда қылмыстық істерін қозғаудан ақталмайтын негіздер бойынша бас тартылған, тергеуге дейінгі тексеру материалдары бойынша материалдық нұқсанның анықталған мөлшері көрсетіледі.

21-бағанда қозғалған қылмыстық істер және қылмыстық істерін қозғаудан ақталмайтын негіздер бойынша бас тартылған тергеуге дейінгі тексеру материалдары бойынша өтелген нұқсанның мөлшері, соның ішінде өткен жылдардың істері бойынша көрсетіледі.

25-бағанда өткен жылдардағы аяқталған қылмыстық істер және қылмыстық

істерін қозғаудан ақталмайтын негіздер бойынша бас тартылған тергеуге дейінгі тексеру материалдары бойынша есептік кезеңде өтелген материалдық нұқсанның мөлшері көрсетіледі.

29-бағанда қылмыстық істі тергеу кезеңінде өтелген материалдық нұқсанның мөлшері көрсетіледі.

33-бағанда сотқа жолданған қылмыстық істер бойынша өтелген материалдық нұқсанның мөлшері көрсетіледі.

37-бағанда ақталмайтын негіздер бойынша қысқартылған қылмыстық істер бойынша өтелген материалдық нұқсанның мөлшері көрсетіледі.

41-бағанда қылмыстық істерін қозғаудан ақталмайтын негіздер бойынша бас тартылған тергеуге дейінгі тексеру материалдары бойынша өтелген материалдық нұқсанның мөлшері көрсетіледі.

45-бағанда өндірісі тоқтатылған қылмыстық істер бойынша өтелген материалдық нұқсанның мөлшері көрсетіледі.

49-бағанда сотта істі қарау барысында қылмыстық істер бойынша өтелген материалдық нұқсанның мөлшері көрсетіледі.

53-бағанда сот актілерін орындау жөніндегі органдардың сот шешімдерін орындауы нәтижесінде өтелген материалдық нұқсанның мөлшері көрсетіледі.

57-бағанда салық органдары сомаларға түзетпе жасауы нәтижесінде қылмыстық істер бойынша өтелген материалдық нұқсанның мөлшері көрсетіледі.

58-бағанда қылмыстық істер және қылмыстық істерін қозғаудан ақталмайтын негіздер бойынша бас тартылған тергеуге дейінгі тексеру материалдары бойынша салынған тыйымның және алып қойылған мүліктің сомасы көрсетіледі.

62-бағанда сотқа жолданған қылмыстық істер бойынша салынған тыйымның және алып қойылған мүліктің мөлшері көрсетіледі.

66-бағанда ақталмайтын негіздер бойынша қысқартылған қылмыстық істер бойынша салынған тыйымның және алып қойылған мүліктің мөлшері көрсетіледі.

70-бағанда қылмыстық істерін қозғаудан ақталмайтын негіздер бойынша бас тартылған тергеуге дейінгі тексеру материалдары бойынша тыйым салынған және алып қойылған мүліктің мөлшері көрсетіледі.

74-бағанда қылмыстық істі қарау барысында мемлекет, жеке және заңды тұлғалар пайдасына өндіріп алу бойынша шаралар қабылданған тыйым салу және мүлікті алып қою мөлшері көрсетіледі.

78-бағанда тыйым салынған және алып қойылған мүлік бойынша сот актілерін орындау жөніндегі органдар орындаған сомалардың мөлшері көрсетіледі.

1, 5, 9, 13, 17, 21, 25, 29, 33, 37, 41, 45, 49, 53, 58, 62, 66, 70, 74 және 78 бағандарынан 2, 3, 4, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 18, 19, 20, 22, 23, 24, 26, 27, 28,

30, 31, 32, 34, 35, 36, 38, 39, 40, 42, 43, 44, 46, 47, 48, 50, 51, 52, 54, 55, 56, 59, 60, 61, 63, 64, 65, 67, 68, 69, 71, 72, 73, 75, 76, 77, 79, 80 және 81 бағандарында нұқсанның мөлшері санаттарға жіктеле отырып ерекшеленеді: мемлекетке, жеке және заңды тұлғаларға.

13А бөлімі тергеу органдары тергеп отырған істер бойынша қылмыстардың нәтижесінде келтірілген материалдық нұқсанның мөлшері туралы (және оны өтеу туралы) мәліметтерді қамтиды.

13Б бөлімі анықтау органдары тергеп отырған істер бойынша қылмыстардың нәтижесінде келтірілген материалдық нұқсанның мөлшері туралы (және оны өтеу туралы) мәліметтерді қамтиды.

Жолдар мен бағандардағы мәліметтер 13-бөлімге ұқсас бейнеленеді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 01.04.2014 № 30 бұйрығымен.

16. N 1-М нысанды есептің 14-бөлімі

24. 14-бөлім айыптау үкімі шығарылған жеке айыптау істері бойынша соттармен қарастырылған (Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 33-бабына сәйкес) қылмыстар туралы, сондай-ақ осы қылмыстарды жасаған тұлғалар туралы мәліметтерден тұрады. Көрсетілген бөлім тек жинақтық есепте ғана қамтылады.

Жолдарда жеке тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін заңдармен сәйкес қылмыстық қудалауы бар қылмыстардың түрлері көрсетіледі.

1-бағанда айыптау үкімі болып өткен есептік кезеңде тіркелген жеке айыптау істері бойынша қылмыстардың саны бейнеленеді, олардың ішінде: 2-бағанда кәмелетке толған әйел жынысты тұлғаларға қатысты қылмыстардың саны көрінеді; 3-бағанда кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстардың саны ерекшеленеді.

4-бағанда есептік кезеңде жеке айыптау істері бойынша сотпен қозғалған және қаралған тұлғалардың көлемі көрінеді.

4-бағаннан 5-10-бағандарда жеке айыптау істері бойынша қылмыстық жауапқа тартылған тұлғалардың жеке категориялары туралы мәліметтер ерекшеленеді.

17. N 1-М нысанды есептің 15-бөлімі

25. Бұл бөлім алдын ала оқшаулау, қылмыстық-түзету жүйесі мекемелерінде, қамауда ұстау жерлерінде тіркелген, қоғамнан оқшаулаусыз, күдіктілерді, тергеліп-тұтқындалғандарды алдын ала оқшаулау мекемелеріндегі қылмыстық жазалауды өтеп жүрген тұлғалармен жасалған қылмыстардың саны туралы мәліметтерден тұрады. Жазалауды өтеп жүрмеген және күдікті,

тергеліп-тұтқындалған болып табылмайтын тұлғалармен түзету мекемелерінің аумағында жасалған қылмыстар бұл бөлімде бейнеленбейді, сондай-ақ қылмыстық жазалауды өтеп жүрген тұлғалармен аймақтың аумағында жасаған қылмыстары да бейнеленбейді. Соңғылары қылмыстың жасалған жері бойынша қылмыстық істі қозғаған органдармен ескеріледі.

Бөлімнің жолдарында бөлімнің "А" бағанында көрсетілген Қылмыстық кодекстің баптары мен тарауларына сәйкес қылмыстар туралы мәліметтер б е й н е л е н е д і .

Бағандардағы мәліметтер 1-бөлімнің аттас бағандарына ұқсас беріледі.

3-8-бағандарда мынадай жерлерге сәйкес жасалған қылмыстар көрінеді: түзету колонияларында, тәрбиелеу колонияларында, қылмыстық-атқарушылық инспекцияларында, тергеу изоляторларында, уақытша ұстау изоляторларында, басқа да жерлерде (тәртіптік әскери бөлімдерде, гаупвахталарда, сотталғандарды алып жүруге арналған арнайы көліктерде, тағы басқа).

Ескерту. 25-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 1 қазандағы N 48 бұйрығымен .

18. N 1-М нысанды есептің 16-бөлімі

Ескерту. 18-бөлім алынып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 76 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

19. N 1-М нысанды есептің 17-бөлімі

27. Бұл бөлім есептік кезеңде тіркелгендердің ішінен қару мен техникалық заттарды қолдану арқылы жасалған қылмыстар, сондай-ақ атыс және ойықты қаруларды алып қою туралы мәліметтерді қамтиды.

1-бағанда қаруды, жарылғыш заттарды, техникалық заттарды, компьютерлік техниканы қолдану арқылы жасалған есептік кезеңде тіркелген қылмыстардың с а н ы к ө р с е т і л е д і .

2-бағанда есептік кезеңде тіркелгендердің ішінен атыс қаруын қолдану арқылы жасалған қылмыс саны көрінеді.

3-бағанда есептік кезеңде тіркелгендердің ішінен әйелдерге қатысты атыс қаруын қолдану арқылы жасалған қылмыстар бейнеленеді. 4-бағанда есептік кезеңде тіркелгендердің ішінен кәмелетке толмағандарға қатысты атыс қаруын қолдану арқылы жасалған қылмыстар бейнеленеді. 5-бағанда есептік кезеңде тіркелгендердің ішінен шетелдік азаматтарға қатысты атыс қаруын қолдану арқылы жасалған қылмыстар бейнеленеді.

6-бағанда есептік кезеңде тіркелгендердің ішінен ойықты атыс қаруын

қолдану арқылы жасалған қылмыстардың саны көрсетіледі.

7-бағанда есептік кезеңде аяқталғандардың ішінен шетелдік азаматтармен атыс қаруын қолдану арқылы жасалған қылмыстар саны көрінеді.

8-бағанда есептік кезеңде аяқталғандардың ішінен азаматтығы жоқ тұлғалармен атыс қаруын қолдану арқылы жасалған қылмыстар саны көрсетіледі

9-бағанда есептік кезеңде аяқталғандардың ішінен отбасылық-тұрмыстық салада атыс қаруын қолдану арқылы жасалған қылмыстар саны көрінеді.

10-бағанда есептік кезеңде тіркелгендердің ішінен қоғамдық орындарда атыс қаруын қолдану арқылы жасалған қылмыстар саны көрсетіледі, соның ішінде 11-бағаннан көшелерде, алаңдарда, бақтар мен саябақтарда атыс қаруын қолдану арқылы жасалған қылмыстар саны бейнеленеді.

12-бағанда есептік кезеңде тіркелгендердің ішінен суық қару қолдану арқылы жасалған қылмыстардың саны ескеріледі.

13-бағанда есептік кезеңде тіркелгендердің ішінен әйелдерге қатысты суық қаруды қолдану арқылы жасалған қылмыстар бейнеленеді. 14-бағанда есептік кезеңде тіркелгендердің ішінен кәмелетке толмағандарға қатысты суық қаруды қолдану арқылы жасалған қылмыстар бейнеленеді. 15-бағанда есептік кезеңде тіркелгендердің ішінен шетелдік азаматтарға қатысты суық қаруды қолдану арқылы жасалған қылмыстар бейнеленеді.

16-бағанда есептік кезеңде тіркелгендердің ішінен отбасылық-тұрмыстық салада суық қаруды қолдану арқылы жасалған қылмыстардың саны көрсетіледі.

17-бағанда есептік кезеңде тіркелгендердің ішінен қоғамдық орындарда суық қаруды қолдану арқылы жасалған қылмыстардың саны көрсетіледі, соның ішінде 18-бағанда көшелерде, алаңдарда, бақтар мен саябақтарда суық қаруды қолдану арқылы жасалған қылмыстардың саны бейнеленеді.

19-бағанда есептік кезеңде тіркелгендердің ішінен техникалық заттарды қолданумен жасалған қылмыстардың саны көрсетіледі. 20-бағанда есептік кезеңде тіркелгендердің ішінен әйелдерге қатысты техникалық заттарды қолдану арқылы жасалған қылмыстардың саны көрінеді. 21-бағанда есептік кезеңде тіркелгендердің ішінен кәмелетке толмағандарға қатысты техникалық заттарды қолдану арқылы жасалған қылмыстардың саны көрінеді.

22-бағанда есептік кезеңде тіркелгендердің ішінен қоғамдық орындарда техникалық заттарды қолдану арқылы жасалған қылмыстардың саны көрсетіледі, соның ішінде 23-бағанда көшелерде, алаңдарда, бақтар мен саябақтарда техникалық заттарды қолдану арқылы жасалған қылмыстардың саны бейнеленеді

24-бағанда көрсетілген бөлімнің 1-жолынан есептік кезеңде алып қойылған

атыс қаруының саны көрінеді, соның ішінде ойық қаруын алып қою 25-бағанда бейнеленеді.

20. N 1-М нысанды есептің 18-бөлімі

28. Бұл бөлім күдіктілерді, тергеліп-тұтқындалғандарды алдын ала оқшаулау мекемелерінде қылмыстық жазалауды өтеп жүрген тұлғалармен жасалған қылмыстардың саны туралы мәліметтерден тұрады. Бұл бөлімде тек қылмыстық-түзету жүйесі мекемелерінің аумағында ғана емес, аймақтың аумағында да жасалған барлық қылмыстар бейнеленеді. Қылмыстық жазалауды өтеп жүрмеген және күдікті, тергеліп-тұтқындалған болып табылмайтын тұлғалармен жасалған қылмыстар бұл бөлімде бейнеленбейді.

Жолдарда бөлімнің "А" бағанында көрсетілген Қылмыстық кодекстің баптарына сәйкес қылмыстар туралы мәліметтер бейнеленеді.

Бағандарда деректер 1-бөлімнің аттас бағандарына ұқсас көрсетіледі.

3-8-бағандарда төмендегідей жерлерге сәйкес жасалған қылмыстар көрінеді: түзету колонияларында, тәрбиелеу колонияларында, қылмыстық-атқарушылық инспекцияларында, тергеу изоляторларында, уақытша ұстау изоляторларында, басқа да жерлерде (тәртіптік әскери бөлімдерде, гаупвахталарда, сотталғандарды алып жүруге арналған арнайы көліктерде, тағы басқа).

Ескерту. 28-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 1 қазандағы N 48 бұйрығымен.

21. № 1-М нысандағы «Тіркеуге алынған қылмыстар мен қылмыстық қудалау органдар қызметінің нәтижелері туралы» есептің 19-бөлімі

Ескерту. Нұсқаулық 21-тараумен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 20.01.2010 N 3 бұйрығымен.

29. 19-бөлім қылмыстар бойынша есепке алынатын жәбірленушілер туралы мәліметтерді қамтиды (Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 75-бабы).

Жолдарда бөліктің «А» бағанында көрсетілген ҚР Қылмыстық кодексінің баптары мен бөліктеріне сәйкес қылмыстар туралы мәліметтер көрсетіледі.

1 бағанда сипаттары дәрежеленген жәбірленушілерге қатысты жасалған қылмыстардың жалпы саны көрсетіледі, олар 2-ден 24-ке дейінгі бағандар бойынша бөлінеді, соның ішінде: әйелдерге (2 баған), кәмелет жасқа толмағандарға қатысты мәліметтер (3), оқушылар (4). 4 бағаннан 5-7 бағандарда мектеп, гимназия, лицей, колледж, ЖОО оқушылары ажыратылады.

8-10 бағандарда – мүгедектер, зейнеткерлер, сотталған қылмыскерлерге жасалған қылмыстар көрсетіледі.

11-14 бағандарда жәбірленушілердің азаматтығы көрсетіледі.
15-24 бағандарда жас мөлшеріне қарай адамдардың жас мөлшері көрсетіледі.
25 пен 26 бағандарда бұзылған мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар туралы жалпы мәліметтер көрсетіледі.
27 бағанда адам өліміне әкелген қылмыстар туралы мәліметтер көрсетіледі.
Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 10.04.2013 № 38 (бірінші рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК